



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары**

2023 жылғы 25 мамырдағы  
№ ДС-188 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Жамбыл облысы Жуалы ауданының орталығы Б. Момышұлы ауылын екіге бөліп тұрған темір жолдың астымен өтетін көпірге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Боранды станциясында 3441км пк7-де орналасқан су өткізуге арналған құрылым автокөліктер өту үшін қарастырылмаған. Бұл құрылым арқылы көлік құралдарының өтуі ҚР СП 3.03-112-2013 «Көпірлер мен құбырлар» ғимараттардың жуықтау өлшемдерінің талаптарына сәйкес келмейді және құрылымды одан әрі пайдалану поездар қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-бабына сәйкес облыстық бюджет шығыстары облыс аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бағыттарды көздейді.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 31-бабына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктің құзыретіне көлік және инженерлік инфрақұрылым объектілерінің құрылысын ұйымдастыру және пайдалану кіреді.

Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органға өз құзыреті шеңберінде Боранды станциясының маңында автокөліктер өту үшін жолды қарастыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету тапсырылды.

**Р. Скляр**